

САЙЛАУ – 2019/2
Тату елдің болашағы баянды

КӘСІП ПЕН НӘСІП/3
«Біз және бизнес»

РУХАНИ ЖАҢҒЫ
ТАРИХ/6
Тәжі палуан

КӨМБЕ/8
Қоғалықордағы көне шаһар



Сыр бойы



№79-80
(19757-19758)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

1 маусым /СЕНБІ / 2019 ЖЫЛ

АҚТАҢДАҚТАР АҚИҚАТЫ

Қуғын-сүргін құрбандарына тағзым

Қызылордалықтар кеше адамзат тарихындағы ең қасіретті кезең – саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алды. Митингте облыс әкімі Қырымбек Көшербаев бүгінгі бейбіт өмір – ардақты аға ұрпақтың керемет жас жұтқан жылдарының өтеуі, ата тарихтың ашы сабағы екенін еске салды.

Назерке САНИЯЗОВА.

Шара әдеттегідей халық зиялылары жерленген мемориалды кешенде өтті. Ескерткіш алдына аймақ басшысының тағзым гүлі қойылғаннан кейін ҚМДБ-ның облыстағы өкілі, орталық «Ақмешіт-

Сырдария» мешітінің бас имамы Болатбек қажы Ұласқанұлы құрбандар рухына құран бағыштады. Жиналған жұрт тоталитарлық биліктің өктемдігінен қасірет шеккен, тағдырлары тар қапаста үзілген



Алаш ардақтарының бір минут үніздікпен еске алды.

– Бүгін – қазақ елі үшін, қазақстандықтар үшін қасіретті де азалы күн. Алтайдан Атырауға дейінгі атырапты алып жатқан кең-байтақ жердің иесі болған халқымыздың басынан қаншама қасіретті жылдар өтсе де, дәл осындай ауыр да азаптысы болмаған шығар. 1992 жылы осы мәселені арнайы зерттеген Қазақстан Республикасының Жоғарғы кеңесі төралқасының комиссиясы «қазақ елі аштықтан және соған байланысты індеттерден, сондай-ақ, табиғи өлім денгейінің ұдайы жоғары болуынан 2 млн 200 мың адамнан, яғни барлық қазақ халқының 48 процентінен айырылды» деген қорытынды шығарды. Аштықтан, негізінен, жас балалар мен әйелдер қырылды. Осы себепті қазақтардың өсуі қатты тежелді. Кейін бұл аштық «қызыл қырғын», «голощекиндік геноцид» деген атауға ие болды, – деді аймақ басшысы.

Демограф-ғалымдардың зерттеуіне сүйенсек, облыстың өзінде 4500 адам жазықсыз репрессияға ұшырап, сотталды. Оның 1153-і ату жазасына кесілді. Сталиндік зұлмат тұтас ұлттарды сойқан саясаттың құрбаны етті. Қазақстанға осы кезеңде 1 миллион 210 мың адам жер аударылды. Олардың біразы Сыр бойын паналанды.

– Бас қосып, жиын өткізіп тұрған осы төбе – сол кездегі қанды қырғынның куәсі. Осы жерде қаншама ұлт зиялыларының мүрдесі жерленді. Олардың барлығының бойында бір ғана белгі болған: көк-желкеден атылған. Қорқаулар ғана адамның сыртынан оқ атса керек. Ендеше, бұл жер – барлығымыз үшін тағзым етіп, бас иетін киелі орын. Бұл жазықсыз зардап шеккендердің рухына көрсетілген құрмет, жас ұрпақты бейбіт, мамыражай өмірдің қадірін ұғынуға үндейтін тәлім-тәрбие орны болмақ, – деді облыс әкімі.

Митингте облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, корей этномәдени бірлестігінің мүшесі, депортация құрбанының ұрпағы Валерий Пак сөз сөйлеп, көпшілікті ел қайраткерлерінің есімін ұмытпауға әрі ұлықтауға шақырды. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу шарасы аудандарда да өткізілді.

БРИФИНГ

Кешенді жоспар оңір дамуының жаңа кезеңі



Биылғы жылдың 7 ақпанында Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Назарбаев Қауіпсіздік кеңесінің отырысында Үкіметтің бастауымен Қызылорда облысының 2019-2022 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының Кешенді жоспарын әзірлеуді тапсырған болатын. Газетіміздің өткен санында жария етілгендей, 28 мамыр күні Үкімет отырысында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев аталған жоспарды таныстырып, алда тұрған міндеттерді саралап берді.

Осы орайда, өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыс әкімінің орынбасары Қуанышбек Ысқақов Кешенді жоспар жайында БАҚ өкілдеріне егжей-тегжейлі баяндады. Атап өтілгендей, Кешенді жоспар 119 іс-шарадан құралады, жалпы құны 219,7 млрд теңгеге құрап отыр.

Сонымен, алдағы жылдары аймақта қандай басымдықтарға мән беріледі? Салалар бойынша нендей жаңалық күтіліп отыр? Таразылап көрелік.

Ылдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

Мұнай өндірісі: алдағы меже қандай?

Аймақтағы қолданыстағы мұнай-кен орындары сарқыла бастауына байланысты «Оңтүстік Торғай», «Сырдария» және «Шу-Сарысу» кен орындарында 5 мың метрден аса тереңдікте бұрғылауды жүзеге асыру ұсынылған. Бұл үшін 11 млрд теңгеге қажет ететін тиісті геологиялық

барлау зерттеулер жүргізу керек. Бұл жұмыстар өз кезегінде жаңа кен орындарын игеріп қана қоймай, сонымен қатар, мұнай сервистік жұмыстардың көлемін арттыруға мүмкіндік береді. Аталған 3 кен орында геологиялық зерттеуге 2020 жылға 3,5 млрд теңге қарастырылады.

2-бет.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ӘРКЕЗ НАЗАРДА

Көпбалалы отбасыларға баспана кілті табысталды

Кеше «Бәйтерек» шағын ауданында аз қамтылған көпбалалы 100 отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етілді. Баспана кілтін табыстауға арналған салтанатты шараға жұртшылық көп жиналды.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Аймақ басшысының бастамасымен көпбалалы отбасылардың баспанаға мұқтаждық мәселесін шешу үшін «Баламекен» жобасы аясында Болат Өтемұратовтың жеке қорымен бірлесіп отырып 150 отбасыға баспана салып беру қолға алынған болатын. Оның 50-і жергілікті бюджеттен, 100-і аталған қор қаражаты есебінен. Үкімет Елбасының көпбалалы аналар мен аз қамтылған отбасыларды баспанамен қамту бағытындағы аймақ басшысының бұл бастамасын өзге өңірлерге тәжірибе ретінде пайдалануды ұсынды.

Әне-міне дегенше, құрылыстардың қарқынды өнбегінің арқасында үй құрылысы да аяқталды. Қоныс кілтін тапсыру шарасына облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, Болат Өтемұратов қорының қамқоршылық кеңесі төрағасы Алмас Шарман, сала басшылары, ардагерлер, қала тұрғындары мен қоғам белсенділері қатысты. – «Баламекен» жобасы аясында белгілі азамат Болат Өтемұратовпен облыс әкімдігі бірлесіп, аз қамтамасыз етілген көпбалалы отбасыларды қолдау мақсатындағы келісім бойынша 100 пәтердің құрылысы



рекордтық мерзім, екі ай ішінде салынып пайдалануға берілді. Қосымша облыс бюджетінен 50 пәтерге қаржы бөлініп, тұрғын үй құрылысы жүргізілуде. Маусым айында пайдалануға берілді, – деді облыс әкімі. Айта кетейік, тұрғын үйдің

үй пайдалануға берілгенін атап айтты. 2013 жылы өңірде 270 мың шаршы метр баспана салынса, биылғы меже – 800 мың шаршы метр. Облыс әкімдігінің бастамасымен 2017 жылы халықтың аз қамтылған және әлеуметтік

қамтылған көпбалалы отбасыларға беріледі. Елбасының өткен жылғы Жолдауында айтылғандай, келешекте бір адамды 30 шаршы метр баспанамен қамтамасыз ету тапсырмасын орындауға сырбойлықтар белсенді кірісіп кетті.

қаралатындығын аймақ басшысы жұртшылыққа жеткізді. Шарада атап айтылғандай, мұнда салынған 150 пәтердің 149-на көпбалалы отбасылар қоныстанар болса, бір пәтерге халыққа қызмет көрсету орталығының филиалы орнала-

сып, жаңа аудан тұрғындарына қызмет көрсетік. Ал, балабақша, мектеп құрылысын бастау келер жыл енішінде. Мұқтаж отбасыларды баспанамен қамтамасыз ету шарасы мұнымен бітпейді. Облыс әкімі аз қамтылған көпбалалы

әлеуметтік жауапкершілігі мол сырбойлық құрылысшыларға алғыс білдірді.

Болат Өтемұратов қорының қамқоршылық кеңесі төрағасы Алмас Шарман баспана кілтін табыстауға бағытталған. Бұл бағытта мемлекет тарапынан көптеген әлеуметтік бағдарламалар жүзеге асуда. Сонымен қатар, бизнес өкілдері халықтың әлжуаз топтарына қамқорлық танытуда. Іскерлік пен ізгілік көріністері қатар жүргенде ғана ісіміз берекелі болады. Болат Өтемұратов қоры халықтың жағдайын жақсарту үшін құрылған. Соның бір мысалы – «Баламекен» жобасы аясында облыс әкімдігімен бірлесіп көпбалалы мұқтаж отбасыларға баспана салу болса, бүгін сол игі істің табысты орындалғанын куәсі болдық, – деді ол.

Халық қалаулылары мен белсенді азаматтардан құрылған тәуелсіз комиссияның шешімімен жаңа баспана бірінші кезекте 10, 9, 8, және 7 баласы бар көпбалалы отбасыларға берілді. Баспанаға ие болған көпбалалы аналар атынан сөз алған Ізімгүл Тұрғанова қамқорлық танытқан ел ағаларына алғысын білдірді. Жаңа баспана иелері қоныстанып та үлгеріпті. Жылыған жұртты дәм ауыз тиюға шақырып, ыстық бауыршаны ұсынған көпбалалы ананың да, өз үйінде асыр салған баланың да қуанышында шек жоқ.

Жаңа баспана иелері қоныстанып та үлгеріпті. Жылыған жұртты дәм ауыз тиюға шақырып, ыстық бауыршаны ұсынған көпбалалы ананың да, өз үйінде асыр салған баланың да қуанышында шек жоқ.

БҮГІН – БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

Бала бақыты бәрінен бағалы

Жаздың бірінші күніне сәйкес келетін балаларды қорғау күні әлемнің барлық елінде мереке ретінде аталып өтеді. Деректерге сүйенсек, оны өткізу жөнінде шешім 1949 жылдың қараша айында Халықаралық демократиялық әйелдер федерациясының арнайы сессиясында қабылданыпты. Алғаш рет 1950 жылы БҰҰ аталған бастаманы дер кезінде қолдап, балалардың өмірін, құқығын, денсаулығын қорғауды өз қызметінің басты бағыттарының біріне айналдырды.

Балаларды қорғау күні олардың өмірін, денсаулығын сақтау, болашақ ұрпаққа демократиялық негізде білім мен тәрбие беру жөніндегі барша әлемдегі озық пікірлердің тоғысқан арнасы деуге болады.

БҰҰ-ның жүргізген сауалнамасына жүгінсек, бүгінгі күні әлемде әрбір онның бірі бала зорлық-зомбылыққа ұшырайты екен. Сонымен қатар, өмірі қатерге толы балалар да баршылық. Аш-жалаңаштық, соғыс үрті, теракттер балалар ғана емес, үлкендердің де психикасына кері әсерін тигізетіні белгілі. Оған қоса, жасөспірімдер арасында нашакорлықтың белең алуы, ішімдікке әуестік елді еріксіз елендетеді. Демек, бұл күн – балғындарға шат-шадиман қуаныш сыйлайтын мереке ғана емес, болашаққа бағдар жасап, жеткіншектеріміздің өмірін қауіп-қатерден сақтауға күш салатын, аталған мәселелерге қоғам назарын аударатын маңызды шараның бірі.

Біріккен Ұлттар Ұйымы 1989 жылы қарашада «Бала құқығы» туралы Конвенция қабылдады. Конвенция – Бала құқығының әлемдік Конституциясы. Ол – адамзат баласының туған кезінен 18 жасқа толғанға дейінгі құқықтары мен бостандықтарын бекітетін халықаралық акт. Оның негізінде ҚР Конституциясында Балаларды қорғаудың құқықтық негізін бекіту, отбасын қолдау, ерекше қиын жағдайға душар болған балаларды қамқорлыққа алу шараларын жүзеге асыру міндеттелген.

1992 жылы елімізде жетім, мүмкіндігі шектеулі, ауру балаларға мемлекеттік қамқорлық жасау мақсатында «Бөбек» қоры құрылды. Адамзаттың алдында тұрған зор міндеттің бірі – болашақ ұрпақты бақытты өмір қалыптастыру. Сондықтан бұл күні, жоғарыда айтып өткеніміздей, адамзатты балалардың құқығын қорғап, оларға қамқор болуға, әлімжеттік, қысым жасамауға үндейді.

Ал, біздің елімізде 1 маусым күні балғындарға арналған көптеген мәдени, ойын-сауықтық шаралары ұйымдастырылып, жалпыхалықтық деңгейде атап өту дәстүрге айналған.


Оның айғағы – облыс орталығы мен барлық аудандарда өтіп жатқан шаралар.

Барлық Б.А.Т.П.

САЙЛАУ-2019

Әлем өзгеріп жатыр. Саяси сарапшылардың атап көрсетіп жүргеніндей, ғалам бұрынғы бір полярлы өктемдіктен көп полярлы ұстанымға ауысып жатыр. Бұл өмірге, жалпы болмысқа деген көзқарастың түбегейлі өзгеріп жатқанын аңғартады. Оның нақты көрінісін мына жағдайдан аңғаруға болады. Бұрын айталық, Таяу Шығыста негізінен Кенес Олағы мен АҚШ-тың мүдделері тоғысса, қазір от жалыны шарпыған өңірде 30-шақты мемлекеттің мүдделері тоғысып жатыр. Оған бізге жақын жатқан, міне, 5 жылдың жүзі болды, кешегі ортақ жүйе кезінде гүлденген Украинаны қосыңыз.

Тату елдің болашағы баянды



Сарапшылардың пікірінше, Украинада бір-бірімен ымыраға келе алмайтын саяси күштердің көптігі соншалық, ондағы бүгінге дейін ушыққан проблемаларды шешу бұрынғы күрделі күйінде қалмақшы. Әлемдегі осындай күрделі жағдайда Қазақстанда Президент сайлауына дайындық қызу жүргізілуде. «Хабар» телеарнасында Қазақстан Республикасы Президентінің үміткерлер және олардың кейбіріннің сенім білдірген адамдарының қатысуымен өткен пікірталас үміткерлердің бір-біріне күрмет көрсетуі жағдайында жоғары мәдениеттілікпен өтті. Әлбетте, бұл жақсылықтың нышаны.

Занды сұрақ туындайды. Біз бүгінгі сайлау алдында нені басшылыққа алуға тиіспіз? Кімді емес, қандай құндылықтарды таңдауымыз керек? Міне, осы сауалдардың жауабы біз үшін барлығынан маңызды гоі деп ойлаймын.

Тарихқа үңілсек, ел басына күн туған замандарда халқымыздың ұлт ретінде сақтан қалған ынтымағы мен бірлігі. Достық пен ынтымақ бар жерде, береке мен ырыс болары айдан анық. Еліміз тәуелсіздік жылдарында үлкен жетістіктерге қол жеткізіп, Орта Азия мемлекеттерінің ішінде өзіндік орны бар мемлекетке айналды. Қазақстан Ислам Ұлымағамының Жүйесіне, ЕҚЫҰ-ға төрағалық жасады. Бірлігі берекелі, тірлігі мерекелі, ынтымағы жарасқан елдің ғана ырысы мен табысы мол болады. Ауызбірлік пен түсіністік, қарапайым сыйластық үстемдік құрған жерлерге қарағанда нәтижелі істердің үйір болатыны белгілі. «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» дегенді, ата-бабамыз бекер айтпаса керектігі. Ұлт пен ұлыстың татулығы арқасында, бүгінде, мемлекетіміз өркендеп, ілгері дамып келе жатыр. Бір шаңырақ астында ұлттың ұйытқысына себеп болып отырған, саясатымыз бен ата-жанымыздың арқасында атқарылып жатқан шаралардың нәтижесі екендігі белгілі. Біздің елімізде әрбір ұлтқа деген қамқорлық шексіз. 18-ге толған азаматтар – тегіне, нәсіліне, ұлтына, тіліне қарамай сайлауға қатыса алады. Бұл орайда, атап көрсетілгендей, кез келген ұлт өкілінің құқықтары тең.

Жетекші сарапшылардың пікіріне сүйенсек, қазақстандық қоғамдағы қалыптасқан толеранттылықтың негізінде бірнеше фактор жатыр. Соның бір факторы – қазақтың ұрпағын тек сақтай алмайтын етіп тәрбиелей алу қасиеті. Еліміз басынан қиын-қыстау заман кешіп, қуғын-сүргінге ұшырап, тағдырдың қатал сынынан өтті. Беріден қайырғанның өзінде, XVII-XVIII ғасырлардағы Жоңғар шапқыншылығы, Ресей империясының езгісі мен кешегі Кеңес өкіметі заманындағы ашықтық басынан кешіріп, Сталин зобаланына ұшырап, саяси қуғын-сүргіннің де құрбаны болған халық.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы экономикалық-әлеуметтік және саяси қиыншылықтарды еңсеріп білген қазақ елі әлем мойындаған мемлекеттер қатарына қосылды. Еліміздің саяси өмірі жанартылды,

түбегейлі өзгерістер жасалды. Мемлекеттіліктің барлық институттары құрылып, экономикамыз нарықтық жолға түсті. Халықтың әл-ауқаты жаңа деңгейге көтеріліп, әлеуметтік салада жаңа асулар бағындырылды. Мемлекеттік шекарамыз айқындалып, елдің тұтастығы, жердің бүтіндігі қамтамасыз етілді. Елбасының көрегендігі мен ерік-жігерінің нәтижесінде Қазақстан әлемде тұңғыш рет ядролық қарудан бас тартып, Семей сынақ полигонын жабуы бүкіл дүниежүзінің назарын өзіне еріксіз аударған болатын. Осы бір батыл қадамның нәтижесінде мемлекетіміздің тәуелсіздігінің қауіпсіздігіне әлемнің іргелі мемлекеттері кепілдік берді. Әлем елдерімен терезесі тең тәуелсіз мемлекет құрып, ата-бабаларымыздың ғасырлар бойғы ұлы арманы мен мақсаты орындалды.

Қазақ елі көк байрағын өз қолымен тұңғыш көтеріп, тәуелсіз Қазақстан мемлекетін құрған – Елбасымыздың аз жылдың аясында туған елін әлемдік қауымдастыққа танытқандығына, өзгелермен бірге өз халқымыз да қуә.

Нұрсұлтан Назарбаевтың жаңа астананы тұрғызу бастамасы мен оны ақиқатқа айналдыруы Елбасының модернизациялық жобасының басты табысының символына айналды. Қазақстанның жаңа астанасының шын мәніндегі жаңа дәуірдің қаласы бола алды. 1994 жылы Н.Назарбаев астананы көшіру ойын алғаш рет алға тартқан кезде бұл жағдай қоғамда екі ұдай пікір туғызған болатын. Дүние тарихында өз тәуелсіз мемлекеттіліктерін қалыптастыру кезеңінде бірде-бір мемлекет басымы мұндай түбегейлі батыл қадамға барған да емес.

Батыстық саясаткерлер мен қайраткерлер де Қазақстанның бүгінгі табыстарын оның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевпен байланыстырады. Солардың бірі ағылшын публицисі, саяси еңбектерімен белгілі Дж. Айткен мырза «Назарбаев және Қазақстанның қалыптасып дамуы» деген еңбегінде Қазақстанның әлемдік қауымдастықпен таныстырудың, оның жетістіктерін жеткізудің кілті Назарбаев тұлғасында екендігін мойындайды және аталған кітабын осы бағытта жазды.

Қазақстанды қазіргі заманғы бәсекеге қабілетті, өркендеу жолындағы, жыл сайынғы орлеу бағытындағы мемлекетке айналдыруда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың басты рөл атқарғанын әлемнің басқа саясаттанушылары да үнемі айтып жүр.

Күні кеше Қазақстан астанасында Н.Назарбаевтың еуразиялық интеграция жөніндегі идеясының 25 және Еуропалық экономикалық одақ жөніндегі келісімге қол қойылуының 5 жылдығына орай жоғарғы Еур-азиялық кеңестің отырысы өтті. Онда Н.Назарбаевтың кеңестің құрметті төрағасы етіп сайланды.

Иә, посткеңестік кеністікте Қазақстан осындай беделге ие болды. Бұл ынтымағы жарасқан, бүгін әлем санасқан елдің жарқын бейнесі болып табылады.

Ж.Ә.ІМАХАН.

Кешенді жоспар өңір дамуының жаңа кезеңі

Бұл ретте, Кешенді жоспарға Қызылорда облысының жер қойнауын пайдаланушыларға ішкі нарыққа мұнай жеткізу ауырталығын төмендету бойынша мәселе енгізілгенін айта кету керек. Өңірдің мұнай-газ секторында мұнай өндіру көлемінің азаюымен қатар, өңірдің мұнай компаниялары өндірілген мұнайдың 80% ішкі нарықта төмен бағада сатуға мәжбүр. Өндірілген өнімді сатуға мұндай ара-қатынас (50%-50%) мұнай операторларының тапқан табысының бір бөлігін жана кен орындарын барлауға және бұрғылауға, сондай-ақ жаңа технологияларды енгізуге бағыттауға мүмкіндік береді. Экспорт үлесін 50% дейін ұлғайту мұнай операторларына алынған пайданың бір бөлігін жаңа кен орындарын барлау мен бұрғылауға, сондай-ақ жаңа технологияларды енгізуге жіберуге мүмкіндік береді.

Кешенді жоспарға енген тағы бір мәселе – «Байкен - U» кәсіпорнының өндірістік қуаттарын реконструкциялау. 2018 жылы «Байкен-U» ЖШС-ның шикізат көлемі 3 компания арасында («Байкен-U» ЖШС, «Степногор тау-кен химиялық комбинаты» ЖШС, «Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ) қайта бөлінуі әсерінен уран тотығы-шала тотығын өңдеу көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 18,5% немесе 500 тоннаға төмендеген. Бұл жағдай өңдеу өнеркәсібіне, әсіресе, металлургия өнеркәсібіне әсер етті. Сондықтан, уран тотығы-шала тотығын өңдеу көлемін ұлғайту мақсатында аталған кәсіпорынның ұсынысы енгізіліп, нәтижесінде 2021 жылға уран тотығы-шала тотығын өңдеу экстрациялық әдісті қолдану көзделіп отыр. Бұл туралы «ҚазАтомӨнеркәсіп» АҚ-мен шешім қабылданды.

Байқоңырдың болашағы жарқын

Қуанышбек Досмайылы атап өткендей, келесі кезекте «Байқоңыр» кешенінде арнайы экономикалық аймақ құру көзделген. Ол Байқоңыр қаласының, жалпы өңірдің экономикасын өсірудің локомотиві болмақ. Онда көпсалалы өнеркәсіп және ғарыштық туризм салаларын дамытудың арқасында инвестициялар ағыны ұлғайып, жаңа жұмыс орындары құрылады деп күтілуде. Жоба мемлекет басшыларының және үкіметаралық комиссия тарапынан қолдау тапты. Бұл бойынша жұмыс тобы құрылып, Тұжырымдама жобасы әзірленген. Оның негізгі бағыттары – «Байқоңыр» халықаралық ғарыш портын құру, жоғары технологиялық өнеркәсіп өндірісін ұйымдастыру, халықаралық ғарыш туризмін дамыту.



Осы ретте «Астана» халықаралық қаржы орталығымен «Байқоңыр» кешеніндегі арнайы экономикалық аймаққа инвестициялар тарту бойынша бірлескен жұмыс тобын құру қолға алынған. Арнайы экономикалық аймақ құрудағы алғашқы қадам ретінде Байқоңыр қаласы маңында орналастырылған «Байқоңыр» ойын-сауық – туристік аймағын («Байқоңыр» ОТА) құру жобасы бар. Бұл әлемдік деңгейдегі инфрақұрылымды (4 және 5 жұлдызды қонақ үйлер) және туристік нысандарды дамытуды, сонымен қатар, халықаралық стандарттарға жетуді көздейді. Облыстық бюджеттен оның құжаттарын әзірлеуге 75 млн теңге бөлінген отыр. Брифингте осы деректерді келтірген Қуанышбек Досмайылы «Байқоңыр» ОТА туристік тартымдылық картасының үздік ондығына енгенін жеткізді.

Суармалы жер – Сырдың алтын қоры

Брифинг барысында журналистер Кешенді жоспар аясында аймақтың агросекторына қатысты бірқатар жұмыстар жоспарланғаны туралы хабарлар болды. Агроөнеркәсіптік кешен блогында жаңа суармалы жерлерді енгізумен және қолданыстағыларын қайта жаңғыртумен қатар, ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісінің өсуіне, оның экспортынан одан әрі арттыруға назар аударылатыны айтылған. Мұнда, егіс алқаптарын ортаңдандыру бағытында суды аз қажет ететін майлы және мал азықтық дақылдары алқабын ұлғайту басымдыққа ие болып отыр. Яғни, майлы дақылдар көлемін 8,5 мың гектардан 20 мың гектарға дейін, мал азықтық дақылдар 60,7 мың гектардан 78 мың гектарға дейін артпақ. Демек, мал шаруашылығының дамуына жаңа екіні әкелмек.

Сондай-ақ, аймақта ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісін дамытуда бірнеше жоба жүзеге асырылатын болады. Олар – қызанақ өсіру алаңын 3 мың гектарға дейін ұлғайту және қызанақ концентратын шығаратын өндіріс ұйымдастыру, Қызылорда қаласындағы қуаты 5 мың тонналық ет комбинатының құрылысы және ет бағытындағы құс фабрикасының құрылысы жобалары. Мұнан өзге өнімділігі жоғары, суды аз қажет ететін және нарықта сұранысқа ие дақылдар егу мақсатында суармалы жерлердің көлемін жаңа 80 мың гектар жерді енгізу арқылы 300 мың гектарға жеткізу жоспарлануда.

1-бет.



Шағын бизнес шапшаң дамиды

Кәсіпкерлікті дамытуда өңірдің жетістігі жоқ емес. Сол жетістікті дамыту Кешенді жоспардағы келесі мәселенің бірі болып отыр. «Бизнестің жол картасы - 2025» бағдарламасы шеңберінде өңірдегі бизнесті дамытуды ынталандыруда 10,7 млрд теңге болатын 6 іс-шараны жүзеге асыру жоспарға енген. Сондай-ақ, Кешенді жоспар аясында 4 жыл ішінде 620 жоба бойынша несиелендіруді субсидиялау, 300 жобада кредиттер бойынша ішпана кепілдік беру, 55 жоба бойынша мемлекеттік гранттар ұсыну және 63 жобаға шағын несиелер беру көзделген. Ал осы жұмыстар нәтижесінде шағын және орта бизнес-те қосымша 3 мыңға дейін жаңа жұмыс орындары құрылатын болады. Қабылданған шаралар арқылы алдағы 2 жылда (2019-2020 жж.) жалпыөнімдік өнімдегі шағын және орта бизнестің үлесі 20% (2018 жыл – 14,4%), 2022 жылдың қорытындысымен 30%-ке дейін арта түспек.

Инфрақұрылым – игіліктер көзі

Кешенді жоспар, сонымен қатар, инфрақұрылымға игілікті ықпал еткізіп тұр. Соның ішінде көліктік инфрақұрылым бойынша 45,2 млрд теңгеге іс-шаралар атқару жөнінде бар. Бұл 2022 жылы жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы автомобиль жолдары желісін 72%-ке дейін жақсартуға мүмкіндік береді. Кешенді жоспар аясында 4 жыл ішінде 858 шақырым облыстық және аудандық маңыздағы автомобиль жолдарының қайта жаңғыртылуы, құрылысы, сонымен бірге күрделі және орташа жұмыстары атқарылатын болады. Бүгінгі күні облыста жеті аудан орталығының төртеуі және Байқоңыр қаласы газбен қамтылған. 2017 жылы қараша айында пилоттық жоба ретінде «Байқоңыр» қаласы әкімшілігіне қарасты 6 көпқабатты тұрғын үй мен қазатандық 6 әлеуметтік нысанға газ берілді. Осы жылдың сәуірі айында Байқоңыр кешенін газландыру бойынша Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасында келісімге қол жеткізіліп, қазір көпқабатты тұрғын үйлерді газға қосу жұмыстары басталып кетті.

Кешенді жоспар бойынша облыс елді мекендерін газдандыруға 22,8 млрд теңге қаралып отыр. Алдағы 4 жылда 3 аудан орталығы, 6 елді мекендегі 80 мыңға жуық тұрғын табиғи газдың игілігін көретін болады. Осы жобалар жүзеге асырылған жағдайда облыс халқының газбен қамтылу үлесі 64%-тен 70%-ке жетеді. Осыған байланысты облыс әкімі Үкіметке «Қызылорда қаласының жылжу электр орталығын жаңғырту және кеңейту» жобасын іске асыруды ұсынды. Оған 15,4 млрд теңге көлемінде қаржы қажет. Сонымен қатар, Кешенді жоспарға құны 7 млрд теңгеден асатын 8 жоба енгізілген. Бұл жобаларды іске асыру нәтижесінде 11 шақырым жылжу жүйелері жаңартылып, тозу көрсеткіші 42-ден 36 процентке төмендейді.

Ал, сумен жабдықтау саласы бойынша жалпы сомасы 28 млрд теңгеге 14 жобаны жүзеге асыру ұсынылған. Бұл жұмыстар нәтижесінде ауылдық елді мекендерді орталықтандырылған сумен жабдықтау көрсеткіші 76,5%-тен 84%-ке артып, сонымен қатар Байқоңыр қаласының сумен жабдықтау мен су бұру жүйелері жақсартатын болады. Осы жобаларды жүзеге асыруда 15 елді мекендегі 111 мыңнан астам халықтың ауыз сумен қамтылу сапасы артады.

Экология және денсаулық

Кешенді жоспардың бұл бөлігінде жалпы құны 14,7 млрд теңгеге құрайтын 15 іс-шараны жүзеге асыру міндеті тұр. Әсіресе, «Көкқара» бөгетін сақтау және Сырдария өзенінің сағасын қалпына келтіру, «Қызылорда» су торабын кешенді жөндеу мәселелері өте маңызды саналады. Апаттық жағдайдағы «Қызылорда» су торабы бұзылған жағдайда 110 мың гектар суармалы және 250 мың гектар жайылымдық жерлер, оған қоса облыстың 3 ауданы аймағындағы шабындықтарды сумен қамту күрт бұзылып, Қызылорда қаласы мен 400 мыңнан аса адам тұратын 35 кіншірім елді мекенді су басу қаупі туады. Сондықтан бұл мәселеде барынша мұқият болған абзал.

Жоспар аясында «Күміскеткен» және «Қараөзек» су қоймаларының құрылысы қарастырылған. Оған қоса, экологиялық-санитарлық нормаларға сай тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, сұрыптау, өңдеу, қайта қалғе жарату мақсатында Арал және Қызылорда қалаларында және Шиеді, Жалағаш, Жаңақорған аудандарының орталықтарында полигондар салынады.

Брифингте облыс әкімінің орынбасары денсаулық саласына қатысты келесі мәліметтерді келтіріп өтті. Бүгінгі таңда статистикаға сәйкес

өңірдегі жүкті әйелдердің 99% белгілі бір экстрагениталды ауруларға ие. Бала туғаннан кейінгі кезеңде өлі туу мен асқынулардың жоғары деңгейі де тұрақты түрде сақталуда.

«Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Заңына сәйкес босануға дейінгі және босанудан кейінгі жүктілік демалысының ұзақтығы қалыпты босанған кезде – 126 күнтізбелік күнді, күрделі босанған кезде 140 күнтізбелік күнді құрайды. Осыған байланысты апат аймағында тұратын жүкті және босанушы әйелдерге арналған демалыс күндерінің ұзақтығын ұлғайту туралы мәселе көтеріліп отыр. Бұл жағдай аналарға перинаталды патологиясы бар нәрестелерге дұрыс күтім жасауға мүмкіндік туғызады.

Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» ҚР-ның 1992 жылғы қабылданған Заңына өзгертулерді енгізетін уақыт келді деп есептейміз. Арал өңіріндегі экологиялық апат және экологиялық дағдарыс аймағында тұратын әйелдердің босану мен жүктілік ағымының ерекшеліктерін растайтын ғылыми зерттеулер жүргізу қажет, – деп атап өткен Қ.Ысқаков бұл кезекте Кешенді жоспар шеңберінде Арал өңіріндегі экологиялық апаттарға байланысты аурулардың тізбесін анықтау бойынша зерттеулер жүргізу жоспарланғанын анықтау бойынша зерттеулер жүргізу жоспарына мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында 500 тәсілдік көпбейінді облыстық аурухана және 5,7 млрд теңгеге – Қазылы ауданында орталық аудандық емхана мен Қызылорда қаласында қан орталығы салынады. Ал, спорт саласында Жосалы, Ақай, Жалағаш, Шиеді, Тасбөгет елді мекендерінде жалпы құны 1,8 млрд теңгеге 5 дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы қарастырылған.

Тұрғын үй: қарқын төмендемейді

Кешенді жоспар аясында 4 жылда 3510 пәтерлік 208,9 мың шаршы метр болатын тұрғын үй салынады. Оның 1 205 пәтері халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына, 1 715 пәтер көпбалалы отбасыларға және 590-ге несиелік тұрғын үй. Бұл облыс бойынша жыл сайын 800 мың шаршы метр баспана салуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жалпы көлемі 37,9 шақырым инженерлік желілер салынады. Қызылорда қаласының сол жағалауында 630 пәтерге арналған 16 көпқабатты тұрғын үй, аудандардағы жеке тұрғын үйлерге арналған 744 жер телімі инженерлік желілермен қамтамасыз етілмекші.

Брифингке қатысушылар, сондай-ақ, Үкімет отырысында Қызылорда қаласын дамытудың бас жоспарына сәйкес негізгі басымдықтар туралы естіп білді. «Қызылорда қаласының Бас жоспарына өзгерістер енгізу» жобасына сәйкес 2018 жылы қаланың жалпы аумағы 20528 гектарға дейін ұлғайды. Қаланың перспективалы шекарасына «Сабалақ» саяжай алқабы (839 гектар), «Бәйтерек» тұрғын аумақтары (4751 гектар), сондай-ақ, Сырдария өзенінің сол жағалауындағы (1338 гектар) қосымша аумақтар енгізілген. Солтүстік-шығыс бөлігіндегі аумақтар көбінесе жеке тұрғын үй құрылысын дамытуға, ал, батыс бөлігінде (сол жағалау) көпөңірлі тұрғын үй мен рекреациялық аймақ үшін бөлінді. Осылайша, қала аумағына қосымша 6928 гектар жер қосылып отыр.



Болжам бойынша 2025 жылы Қызылорда қаласы халқының саны 350 мың адамға жетпек. Көпқабатты тұрғын үй құрылысын дамытуда соңғы алты жыл ішінде облыс орталығында 10 жаңа шағын аудан және қаланың қолданыстағы шағын аудандарында 5 тұрғын үй кешені ашылды. Онда 139 көп қабатты тұрғын үй салынды. 2019 жылдың соңына қарай Қызылорда қаласының сол жағалауында 2628 пәтерлік 53 көпқабатты тұрғын үй салынып, онда 13 мың адам қоныстанады деген жоспар бар.

Жалпы, Кешенді жоспар бойынша алда тұрған міндеттердің ауқымы осындай сипатқа ие. Облыс әкімінің орынбасары Қуанышбек Ысқақовтың айтуынша, Кешенді жоспарды жүзеге асыруға республикалық бюджеттен 156,7 млрд теңге, жергілікті бюджеттен 50,6 млрд теңге, қалған 12,4 млрд теңгесі басқа қаржы көздерінен қарастырылатын болады.

«Аманат» сайлаудың ашықтығын бақылайды

«Аманат» азаматтық платформасы сайлауда бақылау жүргізу бойынша баспасөз жиынын өткізіп, атқарылған жұмыстың кезеңаралық қорытындысын таныстырды. Ай басында жұмысын бастаған қоғамдық ұйым аз уақыт ішінде 44 шара өткізінті.

Шынар БЕКБАН.

«Аманат» азаматтық платформасы сайлауда қатысатын үміткерлер мен дауыс берушілерге тең мүмкіндік берілуін қадағалап қана қоймай, сайлау учаскелерінің талапқа сай жұмыс істеуін бақылайды. Өңірдегі азаматтық платформаның штаб

жетекшісі Анар Ізденнің мәлімдеуінше, бүгінде 380 байқаушы оқығылып, барлық 366 сайлау бөлімшесі бақылаушылармен қамтылған.

«Аманат» алдына 5 міндет қойып отыр. Оның біріншісі – сайлауда жалпы дайын-

дық. Екінші міндетіміз – сайлаушылардың құқығын қорғау. Осы саяси нақанда ел бойынша 2 миллионнан астам сайлаушы бірінші рет дауыс береді екен. Мұндай азаматтарға тікелей және әлеуметтік желілер арқылы оқу семинарлары мен тренингтер

ұйымдастырып жатырмыз. Әр сайлау учаскесін тәуелсіз бақылаудың ұлттық желісімен қамтамасыз етуді көздейміз. Қоғам мен билік арасындағы сенімді қалыптастыру бағытында да жұмыс істеп жатырмыз, – деді ол. Бүгінде облыста 9 штаб

құрылды. Онда 21 штаб жетекшісі мен ерікті қызметкерлер жұмысын бастап кетті. Платформаның негізінде 30 мобильді капитан дайындалды. Облыс бойынша 20 қоғамдық пікір қойылымдары мен 25-ке жуық қоғамдық ұйым қосылып отыр.



“Syrboiy” gazetiniń arnauy beti

Кәсіпкерліктің жауапкершілігі зор

Кәсіпкерлік саласында әйелдер үлесі айрықша. Жуырда өңірімізде іскер әйел-кәсіпкерлер форумы өтіп, шарада сырбойлық кәсіпкер әйелдердің жетістігіне куә болдық.

Олардың қатарында «Баланс+ консалтингтік қызмет көрсету орталығы» ЖШС директоры Ақмарал Баймаханова есімі ерекше аталады. Онымен әңгіме кәсіпкерліктің қыр-сырымен бөлісуге арналды.



— Кез келген адам бойындағы қабілетіне қарай бейімделеді. Менің мамандығым — экономист-бухгалтер. Статистика ғылымының магистрімін. 2005 жылдан бастап Қорқыт ата атындағы университеттің «Есеп және аудит» кафедрасында оқытушымын. Есеп-қисап бойынша ақыл-көңес сұраушылар қатары көбейгендіктен, біліктілігімді кәсіпке айналдыру идеясымен сіңімні Ақтолың екеуміз кәсіп бастадық. Осы орайда атап айтайын, біздегі бір

мәселе, қай салада болмасын білімді жетілдіруге немқұрайлық басым. Неше жыл бұрынғы білімімен жұмысын істеп жүре беретіндер бар. Алайда уақыт талабы мұны көтермейді. Себебі, сәт сайын өзгеріс болып жатыр, тіпті жаналықты меңгеріп үлгере алмай жатырмыз. Әрдайым білім жетілдіру, іздену нәтижесінде кәсіп бастау, оны тіркеу соншалықты қиын болған жоқ. Негізгі кәсіп бастаушылар кәсібін заңдастыру жұмыстарын қиынсынады. Технология заманында бұл аса күрделі шаруа емес. Тіпті үйден шықпай-ақ құжат дайындауға болатын жұртшылық біліп жатыр. Ең бастысы, кәсіп бастағанда оның заңды түрде тіркелуіне және есеп-қисабына баса мән беру қажет.

— Бүгінде кәсіпкерлікті дамытуға мемлекет тарапынан қолдау аз емес.

— Мемлекет қолдауы жоғары деңгейде. Оқимын, ізденемін дегенге де барлық жағдай жасалған. Жеңілдетілген несие, қайтарымсыз қаржы беріледі. Біз кәсіп бастағанда несие алғанымыз жоқ. Бір ноутбукпен бастадық. Алдағы уақытта кәсібімізді кеңейткіміз келеді. Осы мақсатта Еуропалық даму банкінің кәсіпкер әйелдерге арналған «Әйелдер — шағын кәсіпте» атты төрт ай-

лық курсына оқудамын. Осы курсты аяқтаған соң банктің әйел кәсіпкерлерге арналған жеңілдіктерін тиімді пайдаланып, кәсіпті одан әрі кеңейтсек деген жоспарымыз бар.

— Іскер әйел-кәсіпкерлер форумынан түйгеніңіз...

— Сыр елінің кәсіпкерлік саласында кәсіпкер әйелдер қатары көбейіп келе жатқанына қуандым. Форум арқылы біз бір-бірімізбен таныстық, ақпарат алмастық, пікірестік, кәсіпкерлік саласының жетістігі мен мәселесін талқыладық. Мұндай шара адамды алға ұмтытуға, әлі де биік белестерді бағындыруға жігер береді.

— Кәсіп бастауға талаптың жүргендері айттарыңыз...

— Бір кәсіпті бастамас бұрын сол салада жұмыс істеп көруі керек. Мәселен, сұлулық салонын ашқысы келген адам ең алдымен өзі сұлулық салымында еңбек етуі керек. Бір саланың бұге-шүгесін жетік меңгермей, сол саланың әрбір баспалдағынан өзі өтпей, кәсіп ашамын деп бекер. Жаксы кәсіпкер болу — жауапкершілік. Ең бастысы, кәсіп бастаудан қорықпау керек және жауапкершілікті сезіну қажет дер едім.

— Рәхмет.

Әңгімелескен
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА,
«Сыр бойы».

«Бастау» баянды іске бастады

Ақжарма ауылының тұрғыны, «Алтын алқа» негері Жәнісқұл Ізтілеуова — «Бастау» оқу бағдарламасының түлегі.

Көпбалалы аның басты мақсаты — кәсіппен айналысып, отбасылық бизнесті қалыптастыру. «Алтын алқа» негері алдымен ойын жүзеге асыру үшін облыстық кәсіпкерлер палатасына келді. Кеңес алды. Содан соң «Бастау» жобасына қатысып, бизнестің алғышарттарын игерді. Нәтижесінде мемлекеттік қолдаудың арқасында кәсіп ашсам деген арманын орындап, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ об-



лыстық филиалынан 4 млн теңге несие алды. Кәсіп несі алған қаражатына 24 бас сиыр алып, енді мал басын көбейтуді жоспарлады.

Отбасылық бизнесті қолға алған ана өзіннің балалары мен келінін жұмыспен қамтып отыр. Ұлдары малды сыртқа жайып, жем-шөбін әзірлесе, келіні сиырдың сауып, айранын пісіп көмек көрсетеді. Бүгінде бұл отбасы сүтін сатып, малдың жем-шөбін алады. Сүт бағытында жұмыс жасап отырған Жәнісқұл ана ірі қара малды Қазалы ауданынан әкелген.

«Бірлесіп атқарған жұмыстың берекесі болады» демекші, еңбексүйгіш отбасының алдағы жоспары да ауқымды.

«СБ» ақпарат.

«Бір жерде» отырмын



— Қайдасындар?
— Бір жерде отырмын.
— Қайда дейді?

— Ой, «Бір жерде» деймін. Жакында ашылған донері дәмді дәмхана ше?!
— Сонда келсеңші...

Таңғалмаңыз. Осындай кафе атауы бар. Аралдықтар өз қаласының орталығынан ашылған дәмханаға бүгінде жиі бас қосып жүр. Аты да қызық, ә! Ешкімнің ойына келмейтіндей. Бастапқыда түсінбей, шатысаныңыз да, өзін «қайдасын» десе, «бір жердемі» деп жиі айта-тын, немқұрайлы жауап есіңізге түсіп күйіп те аласыз.

Біз әңгімелеп отырған дәмхана иесінің есімі Нұрсұлтан Жорғабаев. 24 жастағы жас кәсіпкер бала кезінен армандаған бизнесіне ата-анасы мен қолдаушы достарының арқасында қол жеткізген.

— Қазіргі заманғы деушілерге ешқандай кедергі жоқ. Мемлекет тарапынан барлық жасақ қолдау білдіріп, несие мен гранттар берілді. Былтыр ғана өткізілген «Жас проджект» жобасы оның айтағы. Осы бағдарлама арқылы кәсіпін дөңгелеткен қатарластарым жетерлік. Ал, дәмхананың атауына келер болсақ, қазір адамды таңғалдыру қиын ғой. Өзгеше болғанын қалаймын. Ойлана келе, заман талабына сай әлемдік қолданыстағы «креатив» деген стильді пайдаландық. Көпшілік

назар аудару үшін осылай атағанбыз, — дейді жас кәсіпкер.

Нұрсұлтанның айтуынша, дәмханада донер мен қуаңтың түр-түріне тапсырыс берушілер көп. Өзге қаладан не ауылдан келген туысын осында ертіп келіп, қонақ қылатын аралдықтардың көнілінен бір мезетте шыға қою қиын болса да, кәсіпкердің нұл орталығынан ашылған дәмханаға бүгінде жиі бас қосып жүр. Аты да қызық, ә! Ешкімнің ойына келмейтіндей. Бастапқыда түсінбей, шатысаныңыз да, өзін «қайдасын» десе, «бір жердемі» деп жиі айта-тын, немқұрайлы жауап есіңізге түсіп күйіп те аласыз.

Біз әңгімелеп отырған дәмхана иесінің есімі Нұрсұлтан Жорғабаев. 24 жастағы жас кәсіпкер бала кезінен армандаған бизнесіне ата-анасы мен қолдаушы достарының арқасында қол жеткізген.

— Қазіргі заманғы деушілерге ешқандай кедергі жоқ. Мемлекет тарапынан барлық жасақ қолдау білдіріп, несие мен гранттар берілді. Былтыр ғана өткізілген «Жас проджект» жобасы оның айтағы. Осы бағдарлама арқылы кәсіпін дөңгелеткен қатарластарым жетерлік. Ал, дәмхананың атауына келер болсақ, қазір адамды таңғалдыру қиын ғой. Өзгеше болғанын қалаймын. Ойлана келе, заман талабына сай әлемдік қолданыстағы «креатив» деген стильді пайдаландық. Көпшілік

Е.БЕКМЫРЗАУЛЫ,
Арал ауданы.

Британдықтар үкімет көрсеткішіне күмәнмен қарайды

Әлем экономикасындағы соңғы жылдары болып жатқан қарама-қайшылықтар британ экономикасына да кері ықпалын тигізе бастады. Статистикалық мәліметтер бойынша өткен жылы елде жұмыссыздық деңгейі 4 процент құраған. Бірақ, сарапшылар пікірінше, бұл дерек шындыққа жанаспайды. Әлемнің бесінші экономикасы саналып отырған

Ұлыбританияда қазіргі таңда жұмыссыздық ресми деректен анағұрлым жоғары.

Ел экономикасы негізінен қаржы және қызмет көрсету саласына бейімделген. Ал, жұмыс орнын құратын өнеркәсіп орындары жана жұмыс орындарын құрудың басты көзі болғанымен, бұл салада эзірге он өзгерістер байқалмайды.

АҚШ экономикасындағы ахуал

Сонғы жаңалықтарға қарағанда АҚШ Президенті Д.Трамп Қытаймен арадағы текетіреге аспан асты елдің сауда талаптарына қатысты мәмілеге келе алмайтынын мәлімдеді. Америка президенті жуырда бұл мәселенің маусым айының соңында әлемдегі 20 озық елдің басылырты бас қосатын жиналды. Шешілетінін айтқан болатын. Арада бірнеше күн өткенде Трамп бұл ойынан айныды. Сонымен екі ел арасындағы сауда текетіресі немен

аяқталады? Бұдан кім ұтылып, кім ұтпайды? Әзірге бұл сауалдардың нақты жауабы жоқ.

Сарапшылардың пікірінше, жалпы екі алыптың арасындағы сауда текетіресі әлем экономикасына да, әсіресе дамыған экономикасы бар елдерге кері ықпалын тигізеді. Болжамдар бойынша үстіміздегі жылдың қорытындысында әлем экономикасындағы жалпы өсім 1,5-2 проценттен аспайтын сыялайы.

Ж.ӘЛМАХАН.

Әйел-аналардың іскерлігі мен еңбекқорлығы қашанна жоғары бағаланады. Қай істі де ұрышқаша иіріп әкететін олардың тындырымдылығы, тиянақтылығы мен ұқыптылығы кәсіп бастарда да ерекшеленіп тұратыны рас. Осындай қарым-қабілетінің арқасында отбасылық кәсіп ашып, өз ісін дөңгелетіп отырғандардың бірі — Ханымкүл Шаханова.

Назерке САНИЯЗОВА.

Отбасылық кәсіпті өрістеткен



71 жастағы ана Ханымкүл Шаханова балаларымен бірге жер баптап, егін егеді. Бүгінде балалары мен немерелеріне отбасылық кәсіптің қыр-сырын үйретіп, еңбек етуге баулып жүр.

Кәсіп бастаудың ерте-кеші жоқ. Медицина саласының ардагері Х.Шаханова зейнет демалысына шыққан соң, «Нұрымбет» шаруа қожалығын ашты. Биыл бұл қожалық иелері 52 гектар жерді күтіміге алып, жоңышқа екті.

— Зейнеткерлікке шығып, осыдан 20 жыл бұрын қожалық аштым. Балаларыммен бірге өзімізге белгіленген жерге күріш, жоңышқа егіміз. Онымен қоса, «Ир-көлден» балық аулап, оны саудалаймыз. Осы кәсіпті бастағалы бері егін егіп, жер жыртуға ел азаматтары

қолқабыс етіп келеді. Биылғы егін бастау науқанында «Байтабын» ЖШС төрағасы С.Муханов, «Мираж» ШҚ басшысы М.Бақтыбаев көмек берді. Қасиетті Рамазан айында осындай жомарт жандарға аналық алғысымызды білдіреміз. Осы жылы көкөніс, бақша дақылдарын ектік. Алдағы уақытта да егін көлемін ұлғайту жоспарда бар, — дейді кәсіпкер ана.

Ханымкүл ана өмірге 5 перзент әкеліп, олардан немере сүйген бақытты әже. Бұл әулетте «Еңбексіз ырыс жоқ» деген басты ұстаным бар. Балаларының барлығы әр салада еңбек етіп жүр. Отбасының ұйытқысы Ханымкүл анамыздың шаруашылығында жайқалған бау-бақшада жемістің түр-түрі бар. Мұны өз қолымен егіп, қара күзге дейін күтіп-баптайды. Сондай тынымсыз тірлік еткендерге Жер-ана да өз несібесін бері анық.

Жаксылық пен жамандықты, бейнет пен зейнетті, қиындық пен қуанышты қатар көрген анаға қарап, қарттықтың ешқашан жаспен өлшенбейтініне тағы бір көзіміз жетті. Дөңді дақыл мен бақылы өнімдеріне сұраныстың артуы шаруашылықтың кеңістігін кеңейтуге ықпал етпей қоймасы анық. Қожалық иесі алдағы уақытта арнайы мал сою алаңын ашып, сүтті сиырлардың басын көбейтуді қолға алмақ.

Ісмер

Аймағымызда колонердің қыр-сырын меңгерген шеберлер аз емес. Солардың бірі — жалағаштық Мейрамкүл Романқұлова. Кейініректе қыз жасауына қажетті құрақ көрпе кестелеумен, киіз, түскізі және бәйге атына тоқым, жабу сияқты бұйымдар жасаумен айналысады. Бір қызығы, бұл іске оның ұлы Жылбек көмектеседі.



Кейініректе Жанаталап ауылының тумасы. Бес ұлдың үлкені болып өскен қызға бұл өнер анасынан дарыған. Отбасын құрып, өзі де алты перзентті болды. «Қандай кәсіп бастағаным дұрыс?» деген ойда жүргенінде мемлекет тарапынан берілетін жеңілдетілген несие туралы естіді. Ізденіп жүріп 1 млн теңгеге қол жеткізеді. Ауыл тұрғыны «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы» аясында несие алып, ә дегеннен қажетті құрал-жабдықтар сатып алды. Тігіншіге қажетті мақта түтетін станок пен тігін машинасын алдырып, кәсібін бастап кеткенде қуанышында шек болмады. Алайда алақандай ауылда кәсібі өрге жүзе қоймады. Сонан аудан орталығына көшіп келіп, «Айзер» атты шағын пех ашты. Колонер шебері табыс табу оңай емес екенін жақсы біледі. Сондықтан да ол отбасы мүшелерімен тынбай еңбектеніп,

адал еңбектен нәпақа табуды басты қағидасына айналдырған.

— Қазақтың колонерінің оның өнері мен әшекейінен айырмасын. Қошқармүйіз бен қосмүйізді айыра алмайтын жан жоқ шығар. Турмыстық бұйымдардың барлығына ою таңбаланып, көлеміне қарай өрнек бастырылады. Қазақтың әрбір қыз-келінінегі жастайынан үлкендердің киіз басып, құрақ тіккенін көріп, көңілге тоқып өседі. Мен де мұны анам Қарлығаштан, кейін енемнен көріп өстім, — дейді кәсіпкер.

Ол алты ұлының екіншісін тігінші мамандығына оқытты. Құрақ көрпешелерді кәсіпкердің ұлы Жылбек құрағанын естігенде тігіншілік өнерді кейбір қыздардан артық меңгеріп алғанын бағамдалдық. «Қазір ұлым асқан шыдамдылықты қажет ететін мамандықты меңгерді» деп отыр анасы. Жакында Жылбек Қуаныш қайтарымсыз грант негері атанып, тоқым, жабу секілді

бұйымдарды жасауды қолға алыпты. Кәсіпкердің колонер бұйымдары қайталанбас әсем оюлармен кестеленген. Әрбір бұйымдағы ықшам да мәнді үйлесім, түстердің жоғары талғаммен таңдалуы, өрнектердің әсемдігі мен композициялық шешімі,

жасымынан ұлттық өнердің қыр-сырын түйіп өскен жаның бірімін. Ұзатылағын қыздың жасауы, киіз үйдің жасау-жабдығы мен текемет, түскізі секілді тұрмыстық бұйымдар халыққа үнемі қажет болғандықтан сұраныстан түспейді. Келешекте кәсібімізді кеңейтсек деп жоспарлап отырмыз, — дейді М.Романқұлова.

Ісмер жанның кәсібіне деген сүйіспеншілігі, ұлттық өнерге деген құрметі ісінен де, сөзінен де байқалым тұрды. Бізді қуантқан да осы болды.

Р.РАРЫСТАҢБАЙ.

БРИФИНГ

12 маусым – Дүниежүзілік балалар еңбегін пайдалануға қарсы күрес күні. Осыған орай аймақта 1-12 маусым аралығында “Балалар еңбегін қанауға қарсы 12 күн” ұлттық ақпараттық науқаны өтеді. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық білім басқармасының басшысы М.Мелдбекова мәлімдеді.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

Жазғы демалыс қауіпсіз болуы қажет

Науканның басты мақсаты – бала еңбегін қанаудың алдын алу үшін ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізу. Осыған орай, барлық білім беру ұйымдарында құқықтық сағаттар, дәрістер, тренингтер мен әртүрлі сайыстар өткізіледі. Науқан аясында көмекке толмағандарды мезгілді уақытта жұмысқа орналастыру бойынша жәрмеңке өткізуді ұйымдастыру, оларға арналған жұмыс орындарын анықтау және жазғы маусымда уақытша жұмыспен қамту бойынша жұмыстарды үйлестіру мен ата-аналарға, балаларға түсіндірме жұмыстарын жүргізу үшін облыстық полиция департаменті, еңбек саласындағы бақылау басқармасы және жастар саясаты мәселелер басқармасы мен ҰЕҰ бірлесіп отырып кең ауқымды рейдтік жұмыстар жүргізбек.

Бұл маусымда маусым айында жүргізу үшін бірден бір себебі – жазғы демалыста балалардың еңбек құқықтарының бұзылуына жол бермеу. Осыған сәйкес, арнайы жоспар қабылданды, 12 күн бойына бірнеше әлеуметтік жо-балар жүзеге асатын болады, – деді басқарма басшысы.

Ал, 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай 25 мамыр-15 маусым аралығында “Нұрлы болашақ” республикалық акциясы шеңберінде балалар мен

жастардың музыкалық оркестрлері мен ансамбльдерінің шеруі өтеді. Барлық облыста бір уақытта өтетін шеруге 8760 оқушы мен студент қатыспақ. Сонымен қатар, осы күннен бастап жазғы демалыста балалардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында сауықтыру, тынығу лагерлері өз жұмыстарын бастайды. Биыл облыс бойынша 1-10 сынып аралығында 147750 бала болса, оның 98 проценті жазғы тынығудың түрлерімен қамтылатын болады. “Рухани жаңғыру” бағдарламасы аясында мектеп туризмі жаңадандыру бойынша 20000 бала аймақтағы киелі тарихи, мәдени орындарға саяхаттамақ.

Санауды күндерден соң ҰБТ басталады. Оған қатысуға 4143 түлек өтініш берген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 5 процентке артық.

ҰБТ-ға дайындық жұмыстары жоспарға сәйкес жүреді. Бітірушілер жыл бойы “Талдысу”, “Қамбаш” лагерлерінде қосымша дайындық курстарынан өтті. Сынама тестілеу қорытындысы негізінде мамыр айында орташа балл 95,9 балды құрап отыр. Жоспар бойынша мектеп бітірушілердің 4662-сі – ЖОО, 1000-ы колледждерге түседі деп күтілуде. ҰБТ өткізудің форматы еш өзгеріссіз. Айта кету керек, Ресейдің 4 жоғары оқу орнына түсуге 628 бітіруші ем-

тихан тапсырды. Нәтижесі шілде айында белгілі болады, – деді басқарма басшысы М.Мелдбекова.

Жалпы ҚР Білім және ғылым министрлігі биыл жоғары оқу орындарына 50985 мемлекеттік грант бөліп отыр. Бұдан бөлек, брифингте

облыстық полиция департаментінің бөлімше басшысы Манарбек Есжанов пен облыстық еңбек саласындағы бақылау басқармасының өкілі Нұрбек Жапақов сөз алып, балалар құқығын қорғау мәселесіне байланысты бірқатар ақпараттармен бөлісті.

Облыстық полиция департаментінің бөлімше басшысы Манарбек Есжанов облыс көлемінде көмекке толмағандар арасында орын алған қылмыс көрсеткіші 7 процентке төмендегенін айтып өтті. Соған сәйкес жасөспірімдер арасында келенсіз жағдайларды болдырмау мақсатында түрлі профилактикалық шаралар мен локальдық рейдтік жұмыстар жүргізілген. Нәтижесінде 2000-ға жуық құқық бұзушылық анықталып отыр. Оның ішінде қанғыбастыққа салынған 138 жас бейімдеу орталығына жіберілсе, түнгі уақытта өз бетінше жүрген 1500 жасөспірім анықталып, олардың ата-аналары мен заңды өкілдері, оған қоса бала тәрбиесімен айналыспағандары үшін 16 ата-ана әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Жылы соңында баяндамашылар ата-аналарды жазғы демалыста балаларын қараусыз қалдырмауға шақырып, БАҚ өкілдері тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.

Болашақтың мамандығы қандай?

Еңбек нарығы үздіксіз өзгеру үстінде. Осыдан оншақты жыл бұрын қажеттілікке ие болған мамандықтар бүгінгі күні саябырлап немесе айлық аз төленетін мамандыққа айналып жатыр. Мұндай өзгерістерді болжау да оңай емес.


Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

Қазіргі кезеңде барлық саланы цифрландыру, автоматтандыру жүзеге аса бастады. Уақыт өте келе роботтандыру белең алып, соның нәтижесінде көптеген мамандықтар жойылуы да мүмкін. Алайда, оның екінші жақсы жағын да айта кету керек. Мәселен, сол роботтардың жұмысын жолға қойып отыратын немесе олардың саудасын жүргізетін мамандар қажет болатыны сөзсіз. Цифрландыру аясында дүниеге келетін мамандықтар саны тіпті жойылған мамандық санынан артық болуы да ықтимал. Сондықтан бұл жағынан мүлде үрейленуге болмайды. Тек болашаққа қажетті мамандықты таңдай білген дү-

«Иә, өмір тез өзгеруде, сондықтан бүгінгі күні мектепте оқып жүрген балаңыздың келешегі үшін қандай мамандыққа оқығаны дұрыс деген сауалға қазірден бастап жауап іздегіңіз берген жөн секілді. Осы ретте Ресейдегі «Сколково» бизнес мектебі және Стратегиялық бастамалар агенттігі мамандарды еңбек нарығында таяу оңылымды мүмкін болар өзгерістерге болжам жасап, жана мамандықтар Атласын дайындаған. Атлас – бұл алдағы 15-20 жылда қажеттілікке ие болатын салалар мен мамандықтар альманағы. Ол туралы ақпарат «Сыр бойының» 28 мамырдағы нөмірінде жарияланған болатын. Біздің қазақстандық сарапшылардың да бұл бағытта жүргізілген зерттеулері бар.

Олардың айтуынша, алдағы жарты ғасырлықта IT-технологиясы саласының мамандары сұранысқа ие болатын көрінеді. Шындығында, қазіргі таңда білім саласынан бастап, саудаға дейін онлайн режимге көшіп жатыр. Бұл сала мамандары қазірдің өзінде сұранысқа ие және олардың табысы да жоғары. Өйткені, желілермен жұмыс істейтін мекемелердің жұмысын жүргізіп тұруға осы саланың мамандары қажет-ақ. Бағдарламаны дайындаушылар ағылшын тілін және бағдарлама тілін меңгеруі тиіс. Веб-дизайнерлерге де сұраныс көбейе береді. Жалпы компьютер мен интернетке қатысы барларды осы топқа жатқызуға болады.

Әрине, тіршілік тек компьютермен, интернетпен шектеліп қалмайды. Адамзат



тіршілігінде электр энергиясы аса маңызға ие. Қалай дегенмен де бүгінде дейін мұнай энергия өндірудің басты көзі болып отыр. Алайда, жыл өткен сайын оны өндіру қиындап келеді. Болашақ мұнайшылар мұнайды фронтан болып атылап тұрған скважинадан емес, сарқылған кеніштерден, теңіз шельфінен алуды жолға қоятын болады. Сол себептен осы сала мамандары мен мұнай-химия өндірісі инженерлері алдағы кезеңдері де қажет болатынын ескерген жөн. Сонымен бірге балама энергияны жолға қоятын мамандардың қатары арта түспек. Өйткені, жыл өткен сайын баламалы энергия көздері көбейе беретін болады.

Өндірісте импорттық тауарларды алмастыратын жергілікті тауарларды өндіру басымдыққа ие болатын мерзім жақындай түсуде. Соған орай инженерлер мен технологияларға сұраныс ұлғая бермек.

«Медицина саласында дәрігер-геронтологтарға деген сұраныс артады деген болжам бар. Олардың қызметін әрбір екінші адам пайдаланатын болады. Адамдардың қартаюу процесіндегі организмді осындай дәрігерлер бақылауда ұстайды. Қазақстанда жеке клиникалар саны көбейе түсуде. Жоғары ақы алатын мамандарға стоматологтар, гинекологтар, дерматологтар еніп отыр. Дәрі-дәрмек саласының мамандары фармацевтер мен провизорлар да болашақ мамандарының қатарына жатқызылуға.

Елімізде бала туу саны арта береді. Ақпарат билеген заманда әрбір жеткіншек лайықты білім алуы тиіс. Барлық табыс мектеп қабырғасындағы жетістіктерден басталатыны ешқашан мәнін жоғалтпайды. Олай болса, бастауыш мектептің мұғалімдері жоғары технологиялармен айналысатын мамандармен ықпалданып тұрады. Өзірге олар

ды ешкім алмастыра алмайды. Сауда саласының адамзат тарихында өзіндік орны бар. Алдағы 20-30 жылда белеңін жоғалтпайтыны түсінікті. Сауда мамандары лидерлік позициясын IT-инженерлерге бергенмен де алғашқы үштіктен төмендеме емес. Сатушылар, оның ішінде онлайн-сатушылар да бар, қоймашылар, маркетологтар сұранысқа ие болады. Әрине, олардың барлығы цифрландырылған, автоматтандырылған жүйелерде жұмыс жүргізуі мүмкін. Оларға сондай-ақ, тауар ағынын реттеп, олардың орналасуын оңтайландырып отыратын логист мамандар да қосылады.

Жоғарыда айтылған кейбір мамандық иесі болмасын оларды жұмысқа қабылдаудың өзін арнайы білім алған мамандар жүргізетін болады. Мүмкін шағын фирмаларда бұл іспен арнайы мамандар айналыспайтын шығар. Алайда, үлкен компанияларда жоғары бәсекелестік жағдайында оған үлкен компанияларға қарағанда қажетті мамандықтар қатарына енеді.

Бүгінгі таңда адам осыдан отыз жыл бұрынғы уақытпен салыстырғанда бес есе артық ақпарат алып отыр және оның басым бөлігі керексіз дүниелер. Сондықтан да болашақта адамдарға пайдалы, қажетті дүниелерді іріктеумен айналысатын «ақпараттық диетолог» деген мамандық та пайда болып жатса, оған таңғалудың қажеті жоқ.

Қазіргі қарапайым адвокаттармен салыстырғанда келешектің адвокаттары әртүрлі заңдармен өмір сүріп жатқан өзі елі мен өзге мемлекетте тұрып жатқан адамдар арасындағы конфликттік жағдайларды, айтыс-тартыс, келіспеушілік мәселелерді оңай шешетін болады.

«Бұл келтіріп өткен мамандықтарымыз жүздің бірі ғана екені белгілі. Сол себептен заман күн сайын алмасып жатқан уақытта бүгінгі жеткіншектердің болашағы туралы ойлау артықтық етпейді. Осы орайда облыс әкімі Қырымбек Қоспирбаевтың «Forbes» журналына берген сұхбатындағы «Бүгінде бүкіл әлем цифрлық технологияны меңгере бастағанда, бәсекеге қабілетті кадрлар дайындау – бірінші кезектегі міндет. Егер де біз XXI ғасырдың жана логикасын іске қоспасақ, үмітсіз күйде арта қаламыз» деген сөзін келтіріп өткен артық болмас.

Ал, келесі ақпарат бұл әлі сиясы кеппеген жаңалық. 2019 жылдың 1 қыркүйегінен бастап Қазақстан мектептерінің барлығында 10-сыныптан бастап «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» атты жана пәні енгізілмек. Ол ерікті пәндер қатарына жатқызылып отыр. Оқу бағдарламасында ол аптасына 2 рет, жалпы саны 68 сағат беріледі. Пәннің өзі теориялық және практикалық сабақтардан тұрады. Жана пән оқушылардың бизнеске икемін арттырып, экономикалық терминдерді біліп оқыту, бизнес саласындағы құқық негіздерді еркін меңгеруіне бағытталады. Жаңа пәнді «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлік палатасы ұсынып отыр.

Міне, осылай балалардың болашағына мемлекетіміз үлкен мән беріп отырғанды оған әрбір ата-ана да сырт қалмағаны абзал.



Шалғай ауылдағы шаттық

Жаңақорған ауданының Қосүйенкі ауылындағы №161-ші мектеп жазушы Дүкенбай Досжановтың бастамасымен салынған. Қазір қаламгер есімін иеленген мектеп өте әсем, ауласы желек, ішін гүл көмкерген.

Бұл білім ошағындағы соңғы қонырау салтанатына қатысқанда байқағанмыз 11-сыныпқа жетекшілік еткен Гүлзада Нұрғалиева бітіруші шәкірттерін ертіп, топ жарып төрге орналасты. Түлектердің алдағы ҰБТ-ға дайындығы жақсы

екені көрініп тұр. Осының бәрі әлемнің мәнін берген, білімнің бәрін берген ұстаздар еңбегі.

Ардагер ұстаздар, ата-аналар, мектеп ұжымына, оқытушыларға дән риза. Мектеп әрбір адам үшін темірқазық. Мектеп – өмір жалғасы, ұрпақтар сабақтастығы. Бітіргендеріне 10, 20 жыл болған азаматтар келіп ұстаздарына құрмет көрсетті.

Дүкенбай Досжановтай қазақтың әйгілі қаламгері салдырған мектепте ұрпақтар жалғасы өміршен болдына сенімміз мол.

Сәнімжан ҰМБЕТӘЛИЕВА, зейнеткер.

Тынығу лагері – жайдары орын

Қызылорда қаласында орналасқан А.Байтұрсынұнов атындағы №211 мектептің оқушысы Жаная Жақыпбек күні кеше 6 сыныпты бітірді. Ол да басқа балалар сияқты жылда жаз мезгілін асыға күтеді. Өйткені, бұл – үш ай бойы демалыс, жана оқу жылының күшін бастауға қолайлы уақыт. Әрбір бала демалысты жаңа жайлы, қызықты өткізуді армандайды. Сабақ барысында берілетін демалыс күндері жаз кезінде демалыстың мол мүмкіндігін бермейді.

Нәзірке САНИЯЗОВА.

Биыл аймақ мектептерінде оқитын Жаная сияқты 148 мыңға жуық баланың шамамен 98 проценті жазғы тынығу түрлерімен қамтылады деген болжам бар. Облыстық білім басқармасының мәліметіне қарағанда, маусымдық демалыс қала мен аудандардың сыртындағы 9 лагерьде 7 ауысыммен ұйымдастырылады. Олардың бағасы әртүрлі – 32 мың мен 15 мың теңге аралығында.

Балалар үшін ең қымбат демалыс орны – Арал ауданының Қамыстыбас елді мекеніндегі «Қамбаш» балаларды сауықтыру және

қосымша білім беру орталығы. Биыл мұнда 1200-ге жуық оқушы уақытты көңілді өткізуге асық. Ал, Қызылорда қалалық білім бөліміне қарасты облыстық олимпиадалар және қосымша білім беру орталығында әр ауысымда 300 балдан барлығы 2100 баланы қамту көзделіп отыр. Жолдама құны – 25 мың теңге.

Онүндік демалыстың күні «Сыр ұланы» лагерінде (Шиели ауданы) – 17500, «Жалын» тынығу лагерінде (Сырдария ауданы) – 16 мың, «Сырдария» (Қызылорда қаласы), «Шағала» (Қазалы ауданы), «Ақтерек» (Жалағаш ауданы) және «Тау самалы» (Жаңақорған ауданы) лагерлерінде – 15 мың теңгеден. Ал, 1300-ге жуық бала «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» компаниясының демеушілігімен облыс орталығындағы «Арай-Санрай» лагерінде ой сергітпек.

Аталған лагерлерге эне-міне дегенше сырбойылық балалар ағыла бастайды. Десек те, олар келушілерді қабылдауға қаншалықты дайын? Мысалы, Қазалыдағы демалыс орталығының аумағына, ғимараттарға биыл ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Кіреберіс жолдың бойындағы гүл егетін құмыралар, рөміздер алаңы, ескерткіштер әктеліп-сырланды. Арнайы орындарға гүл егілді. Лагерьде 13 үйірме тұрақты түрде жұмыс істейді. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан балалардың демалысы үшін жергілікті бюджеттен 7 млн 920 мың теңге қаржы бөлінді.

Сырдария аудандық білім бөлі-

міне қарасты «Жалын» лагерінде де әртүрлі санаттағы оқушылар үшін жеңілдіктер қарастырылған. Биыл 550 бала Үкімет қаржысы есебінен демалмақ. 1958 жылы типтік жобамен салынған тынығу орны, жатын орын, асхана, мелпункт, стоматологиялық кабинет және тағы басқа қажеттіліктермен қамтылған.

– Іс-тәжірибе алмасу орнында, арнайы үйірмелер балалардың уақытты тиімді әрі пайдалы өткізуге мүмкіндік береді. Одан бөлек, Қалғандария көлі – шомылып, бой сергіту үшін таптырмас орын. Келушілерге 5 мезгіл тамақ беріледі, – дейді лагерь директоры Миримхан Момбаева.

Жазғы тынығу орындары мен мектеп жанындағы лагерлер өз қызметін 1 маусым күні – балалар мерекесінде бастайды. Ағымдағы жылы, сонымен қатар, дамыту, сауықтыру, білім беру бағытында және психотерапевтік, коммуникативтік қызмет көрсететін 550 мектеп жанындағы лагерь жұмыс істемек.



■ «СЫР БОЙЫ» – 90

Өтеген Жаппархан, ардагер – журналист:

«Бұлтартпас факт – журналистің басты қаруы»

Баспасөз тарихын зерттеу үшін архивтегі қатталған тінділерді атқарсаңыз, барлығы көз алдыңызға келеді. Өткен дәуірдің бет-бейнесі, адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы, басшылардың еңбек еткен жандардың өздері өмір сүрген орта туралы толғаныстары кеңінен көрініс тапқан. Қоғамның барометрлігін атқарған газеттің сарғайған парақтарындағы әр мақала сол күндердің шежіресі іспетті. Сол шежірені жасаған адамдардың арасында жүріп, ақылды айтқаны жас бұрын журналистер үшін тәрбие мектебінде.

Облыстық, республикалық басшыларда еңбек еткен Өтеген Жаппархан журналистік қаруы мен бүгінгі салыстырып, ой безбенінен шыққан туындыларын әлі күнге дейін оқырманға ұсынып келеді. «Сыр бойының» 90 жылдығы қарсаңында ардагер журналистен әңгімелесіп, ақыл-кеңесін тыңдаған едік.



– **Өтеген аға, шығармашылыққа жақын адамның бойындағы қабілет бала жастан байқала бастайтыны белгілі. Оны шыңдап, өмірлік мұратына айналдырғандар да, орта жолда тастап кеткендер де бар. Сіздің бойыңыздағы қабілеттің пайда болуы, оны ұштауға ықпал еткен жандар туралы айтып беріңізші...**

– Биыл 90 жылдығы аталатын «Сыр бойы» газетінің 1955 жылдан бері, оқушы кезімнен оқып келе жатырмын. Өзімнің баласымын. Ата-анам малда болғандықтан, қала іргесіндегі «Коммунизм» колхозындағы №43 мектепте оқыдым. Қазір жасы 95-ке келген Әбжан Бәйтқов ағайымын үйіңдемін. Ол кісі газетті көп оқиды. Өзі мал шаруашылығында қызмет істегендіктен, үйден гөрі түзде көбірек жүреді. Менің журналистикаға келуіме ықпал еткен осы ағам. Үйіне көп газет-журнал жаздырып алады. Аптасына бір мәрте үйге келгенде елдегі, облыстағы, аудандағы жаңалықтарды сұрайды. Мен Әбжанға сұрағымна жауап беру үшін газет-журналдарды түгел оқып, маңыздыларын түртіп қоямын. Өзі қолы қалт еткенде, қызықты дүниелердің астын сызып оқиды. «Полк баласы», «Жас гвардия», тағы басқа жаңадан шыққан кітаптарды сол кісінің әсерімен қолға алдым. 1953 жылдан бастап «Қазақстан пионері» газетіне мақала жаздым. Сырдария аудандық комсомол комитетінің бірінші секретары Күзек Назханов да көп оқытқан адам еді. Мақалаларыма көзі түсіпті. Кейін бағыт-бағдар беріп отыратын болды. Сөйтіп газет жұмысына бейімделдім.

Бір күні Күзек «сен ауданның жаңалықтарын «Ленин жолына» жазып тұр» деп тапсырма берді. Соның әсері болуы керек, үш-төрт мақаламды алып редакцияға келдім. Ақын Әбдікәрім Оңалбаев бірді-екісін жариялады. Сондағы қуанышымды айтсаңыз! Кейін сын-сықақ жазуға жігерлендім. Одан кейін «Қазақстан пионері» газетінің 25 жылдығында Орталық Комсомол комитетінің грамотасын жіберіпті. Қасымбек Ыбыраев ұстазым үлкен жиналыс өткізіп, аудандық комсомол комитетінен келген өкілдің қатысуымен грамотаны тапсырды. Мұның барлығы менің журналистикаға келуіме данғал жол ашты. «Лениншіл жасқа» мақалаларым шығып тұратын болды.

– **Сол кездегі «Ленин жолы» талай қаламгерге қалам тербеуді үйреткен мектеп болғанын білеміз. Бала-тың баланың бетінен қақпай,**

белін бұған кісілер туралы не айтасыз?

– «Ленин жолына» келгенімде Әбдікәрім Оңалбаев жақсы қарсы алады. Нәсіредің Сералиевтің «айналайын» дегені маңдайыма деген қызығушылығымды арттырды, бойымдағы ұяндықты жеңуге көмектесті. Тапсырмасын беріп, кейде жаңа шыққан кітаптарға пікір жаз дейтін. «Кешегі жазғаныңда мынаны қамтымадың, кемшілігің мынау, тіліңді жонде» деп ақыл айтады.

1957 жылы Сырдария аудандық «Коммунизм таны» газеті үлкейіп, редактор Сыдық Алдабергенов адам жинай бастады. Маған диктовканы үйреткен сол кісі. Мақала жазып отырғанды көріп «кешке дейін осылай отырамысың? Диктовканы үйрен» дейтін. Алғашқыда дик-

товкамен айтқан материалымның бірді-екілі тұсын жөндейтін. Кейін әбден машықтандым. Радиоға жұмыс істегенде диктовканы менгергеннің пайдасы көп тиді. Онда жазып отыру қайда?! Онының класка өтетін жылым еді. «Коммунизм таны» мақаламды өткізіп кетіп бара жатыр ем, редактор шақырды. «Сен бала Әжептәуір төселіп қалдың. Жақсы журналист қылып тәрбиелейік, газетке кел», – деді. Орта мектепті бітірмегенімді айттым. «Қазір еңбек өтіліңіз жоғары оқу ор-

нына қабылдамайды. Сені кешкі мектепке тірке-темің. Қатарыңмен бірдей аттестат аласың», – деді. Ақылдасқан адамдарым шақырған жұмысқа баруыма кеңес берді.

Екі жарым жылдай аудандық газетте жұмыс істеп, партияға өтіп, ҚазГУ-ге оқуға түстім. Университеттің өз басшылығына бірден жұмысқа алды. Тәжірибем болғандықтан студенттерге газет жұмысының қыр-сырын үйретем. Шерияздан Елеуенов бар жұмысты маған сеніп тапсырды.

– **Университет бітіргеннен кейінгі еңбек жолы қалай жалғасты? Бұрын тәжірибеден шындалған тілші теориялық тұрғыдан қаруланған кезең соң тіпті оңай болған шығар?**

– Оқуды бітірген соң, обком радиоға жіберді. Ол жерде алтын қорға жеті атасынан жырау Көшеней Рүстембековті, Шәмшат Теленованы, Алышбек Сәрсенбаевты жазып алдым.

Іссапарға шыққанда қолымызға «механизаторды, шопанды, парторгты, тағы басқаларды жазып әкел» деген тапсырмамен бар болғаны 3 кассета берді. Соның арасында жырауларды, әншілерді, ескіден қалған жақсы әңгімелерді іздеп жүріп жазып алатынымыз.

– **Енді «Ленин жолындағы» еңбек еткен жылдар, жасуыңгер жауар – фельетонды өткірлеуге қосқан үлесіңіз туралы айтып берсеңіз...**

– Радиодан облыстық «Ленин жолы» газетіне ауысып, Ол кезде газет беттерінде күнделікті өмірде болатын кейбір зиянды, ағышулы оқиғалар мен кемшіліктерді осы айдармен, өткір тілмен мінеп жазатын мақалалар басылатын. Темірбек Қожакеев «Әдебиет пен баспасөз тәжірибесінде жамандыққа жаны қас, жақсылықты ғана іздейтін, аузы да айбынды бір жан бар. Ол – фельетон. Жат мінез, жайсыз қылық, кемшілік-мінді көрсетіп айырып ала салып, оны үйрей қояды, жұрт алдына сүйреп шығарып, қағып-сілкіп, маскара етеді» дейді.

Апта сайын берілетін бетке тақырып табу қиын. Кейбіреулерін «Социалистік Қазақстанға» да жіберіп тұрамын. Бірде ауданда қызмет істейтін облыс орталығынан да, барған жағынан да пәтер алғандардың тізімін алып «Қызылордаға барсаң, қос үйің болады» деген фельетон жаздым. Бұл жерде 3 жылдай еңбек еттім.

Бір күні Қалқабай Әбенов қолыма бір беттік материал ұстатып, тез арада іссапарға шығуға тапсырма берді. Материалды оқысам, Қазалы ауданындағы бір мектептің директоры жөндеу жұмыстарының ақшасын талан-таражға салыпты. Пойызға отырып, Қазалыға жеттім. Мұндай арыздарды тексеруде аса сақтық керек. Құзырлы органдардан материалдар алып, ауданның бірінші хатшысына кірдім. Бұл мәселе алдағы бюроды қаралғалы жатыр екен. Бірақ мен басшының тапсырмасымен келген тілшімін. Бұра тартуға болмайды. Дүйсенбі күні жұмысқа келіп «Балық сорпасы» деген фельетон жаздым. Ертеңіне жарық көрді. Түс ауа обкомға шақырды.

Фельетонға қатысты қарсы ойын айтқан лауазымды тұлға ақырында фактіні қайдан алғанымызды сұрады. Қолымда барлық құжат бар. Өзім коммунисттің. Ақырында «Бұл мәселе бұрыннан белгілі. Сіз дайын фактілерді алып жаза қойғансыз. Өз тарапыңыздан шығармашылық ізденіс жоқ»

дегенге барды. Ауыр сөздер айтты. Орыннан атып тұрып «Кешіріңіз, мен – облыстық партия комитеті органының қызметкерімін. Мұндай ауыр сөз айтқаныңыз үшін «Фельетон туралы фельетон» деген материал жазамын» дедім. Біраз уақыт дауласып, кейін түсіністік.

– **Фельетон туралы әңгіменің жалғасы болсын, баспасөз тарихында облыстың бірінші басшысы туралы фельетон жазған адамсыз. Бұл көзсіз батырлық па, өзіңізге сенімділік пе?**

– «Социалистік Қазақстан» газетінің Жезқазған облысындағы меншікті тілшісі кезім. Өндірісті, қазақшадан гөрі орысша басым аймақта бірталай қиындықтар болды. Партияның қылышынан қан тамып тұрған кезінде бірінші хатшы туралы фельетон жазу дегенді түсінесің бе, шырағым? Бұл ең бастысы – бас редактор Балғабек Қыдырбекұлының батылдығы. Ол кісі хабарласып «осыдан 19 жыл бұрын Жезқазғанда литей зауытының іргетасы қаланған еді. Обкомның қазіргі бірінші хатшысы сол кезде қалалық комитеттің бірінші хатшысы ретінде басы-қасында болған екен. Кейін Қарағандыда, Шымкентте қызмет істеді де, айналды, Жезқазғанда бірінші болып барды. Іргетас әлі жатыр, сол туралы фельетон жаз» деді. «Бірінші хатшыны сынаған қалай болар екен?» деген күдігімді айтып ем, «бас редактор – мен! Мен саған тапсырма беріп тұрмын!» деп қысқа қайырды. Ертеңіне фельетонды диктовкамен жібердім. Жан-жақтан хабарласқандар «бала, балқасай» деді. Қоғамда үлкен резонанс туғызған оқиға болды. Мені де жан-жағыман тексерді. Қорқатын ештеңем жоқ, бастысы – қолымда бұлтартпас факт бар.

Жезқазғанда 14 жыл қызмет етіп, тоқсаныншы жылдары облыс тарағасын, Қызылорда облысына меншікті тілші етіп жіберді. Зейнетке сол жерден шықтым. Жалпы менің ұғымымдағы журналист сын жаза білуі керек. Сынық бұлтартпас фактісі болса, жазған адам күймейді.

– **Әңгімеңізге рахмет.**
Әңгімелескен
Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы».



Ырыс ынтымаққа тұрақтайды



Шаңырақ шаттығы, отбасының жарасымы – береке-бірліктің қайнар көзі. Оның сондай-ақ, жалпы қоғамның ынтымағын ұйыстыратын, мерейін өсіретін құнды қасиет екендігіне дау жоқ. Қазақ «бір күн ұрыс болған үйге, қырық күн періште жоламайды, берекесі кірмейді», дейді. Сондықтан, бұл құндылықты өз дәрежесінде сақтаудың оң ықпалы орасан деп түсінісіз.



2013 жылы Елбасы Жарлығымен «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы жарияланды. Сол мерзімнен бері аталған байқау сәтті жалғасын тауып, көпшіліктен қолдауға ие болды. Мұның бір жағы үлгілі отбасыға еліктеп, әулеттің ынтымағын арттырып, өнегелі болуға ұмтылуға үлкен ықпал етуде. Соңғы үш жыл бойы «Мерейлі отбасы» байқауында шиеліліктердің бәсі жоғары болғандығын мақтанышымен айтып, құрмет тұтуға болады. Мәселен, әуелі Нартай ауылынан Исламхановтар отбасы облыста озық шықса, өткен жылы еңбекшілік Ишанқұловтар отбасы республикада жоғары бағаланды. Ал, биылғы жылы Бидайкөл ауылынан Қиянбековтер отбасы бас жүлдені жеңіп алды.

Байқау шарты бойынша әр аймақта алдымен аудан-қалаларда іріктеу кезеңі өтеді. Мұнан соң облыстық шарада өңір намысын қорғайтын әулет белгіленеді. Бұл сенім, әріне, мықтылардың мықтысына бұйырары анық. Шаңырақ шуағы мен ұлттық тәрбиені ұлықтайтын байқау осылай жылдан-жылға құндылығын арттыра түседі.

Сонымен әңгіме ауаның «Мерейлі отбасы-2019» ұлттық байқауының облыстағы бас жүлдегері Қиянбековтер отбасына ойыстырайық. Отағасы, әулеттің тірегі – Өмір Сағымбайұлы Қиянбек байырғы механизатор. Кешегі кеңестік жоспарлы экономиканың қара жұмысын атқарған маман. Бірнеше орден, медальдардың иегері. – 1959 жылы 1 май совхозының Майлытоғай бөлімшесінде механизатор болып жұмыс бастадым. Ал, 1967 жылдың ақпан айынан бастап, Гигант колхозында механизатор болып отыз жылға таяу еңбек еттім. Жылма жыл социалистік жарыс жеңімпазы атанып, жоспарымды асыра орындадым. Еліміз Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары айлықтың уақытылы берілмегеніне қарамастан, Сыр өңірінің дара дақпылы – күршітен мол өнім алу жолында уақытпен санаспай тер төктім. Адал бейнеттің наны да тәтті болады екен, шүкір, балаларым да бейнеткеш болып өсіп, өз қатарларының алды болып жүр, – дейді отағасы. Өбекен қазір зейнеткер, сексен жастың сенгіріне көтерілді. Елдің ұйытқысы, қадірменді ақсақал. Ал өмірлік қосағы – Қалқұл Жүсіпбекова денсаулық саласында ұзақ жылдар

бойы жұмыс істеді. Ауылдық аурханада медбикенің тынымсыз қызметін абыроймен атқарды. Өз міндетін адал атқара жүріп, балаларына өнегелі тәрбие бере білді. «Алтын алқа» иегері атанды. Отағасымен жарасымды өмір сүріп, 6 ұл, 4 қыз тәрбиелеп өсіріпті. Бұл күндері кешегі жас келіншек 45 немере, 15 шөбере сүйіп отырған мәуелі отбасының отанасы. Атқан оқтай, шапқан аттай зырлаған уақыттың күдірет қандай десеніңізші! – Үлкен ұлымыз Аманәлі мектепте мұғалім қызметін атқарып, шөкірт тәрбиелесе, оған телелес ұлдар Қыдырәлі, Көшекәлі және қызымыз Әлімаш жеке кәсіпкер. Ол да бауырынан балаларын өрбіткен «Күміс алқа» иегері, – дейді Қалқұл. Серәлі есімді жігіттіміз «Қазатөмпром» компаниясында қызмет атқарады. Жұбайы Қарлығаш Айымбетова «Алтын алқа» иегері атанып үлгерді. Онан кейінгі қыз Айнаш балабақшада тәрбиеші болып жұмыс істейді. Органшы ұл Ғалымжан «Бидайкөл» шаруа қожалығында есепші қызметін атқарады. Ал, Бинаш Әмірқызы мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып жұмыс жасаса, кіші қызымыз Қарлығаш облыстық №5 мектеп-интернат директорының орынбасары. Кенже ұл Бауыржан мектепте іс жүргізуші қызметін атқарып жүр.

Үлкендердің тәрбиесі мен тәліміне қанығып өскен отбасы балалары жақсы оқумен қатар өнерге де бейім болған. Қыздар кілем, кесте тоқуға алымды болып жетілсе, ұлдар ұсталық өнерді менгеріпті. Олардың жарқын жолдарын немерелері – Гүлнұр, Айнуір және Аружан жақсы жалғастырып келеді. Аудандық облыстық байқауларда жүлде алып жүрген отбасы мүшелері ата-әжесінің қуанышы.

Бір сөзбен айтқанда, шаңырақ беріктігі – көптеген игі бастамалардың арқауы. Ырыс ынтымаққа тұрақтайды деген осы.

Нұрмахан ЕЛТАЙ,
Бидайкөл ауылы,
Шиелі ауданы.

Әділдік туын ұстаған жан

Зина Ізбастықызы Қазақ мемлекеттік университеті заң факультетінің түлегі. Сот жүйесіндегі еңбек жолын 1982 жылы Шиелі аудандық халық сотының судьясы болып бастаған.

1984 жылдан бастап Қызылорда қалалық сотының судьясы болып отыз жылдан астам үздіксіз қызмет атқарды.

Табандылығымен және кәсіби білімімен қызметтік міндетіне сын келтірмей абыроймен еңбек еткен ол қолданыстағы біліктілік деңгейі мен тәжірибесі мол судья екендігін көрсете білді. «Зер қалірін зергер біледі» дегендей, осы қызметтегі судьялар мен сот қызметкерлері қалалық сот жұмысының күрделілігі мен моральдық тұрғыдағы ауырлығын, оның ерекшеліктерін жете түсінеді. Сондықтан, отыз жылдан астам осы сотта табанды жұмыс жасап, үлкен абыроймен еңбек демалысына шығудың қандай мәртебе екендігін білетіндер бұған тәнті болады.

Таңдаған кәсібіне адал болып, отандық сот жүйесінің беделі үшін аянбай еңбек ету Зина Ізбастықызының өмірлік мұраты болды.



Ол істің ақ-қарасын айырып, талай қылымы пен жазаның, әділдік пен заңсыздықтың аражігін ашып, әрбір істі сабырлықпен зерделей білді. Ауыр қылмыстық істер бойынша ақтау үкімдерін қабылдап, әділдік пен адалдық үлгісі болды. Сот әділдігін жүзеге асырудағы жетістіктері үшін еліміздегі сот жүйесінің ең жоғары марапаты «Үш би» төсбелгісімен, Жоғарғы сот, Судьялар одағы, облыстық сот төрағаларының Құрмет грамоталарымен, бірнеше медальмен марапатталды. 2007 жылдың қорытындысы бойынша «Үздік судья» атанды.

«Елге бай құт емес, би құт» деген қазақ халқы. Зина Ізбастықызының тәжірибесінде даулардың көп бөлігі бітімгершілікпен аяқталып отырды. Бұл – оның ата-бабадан келе жатқан

Сәбит ӘБДІҚАНОВ,
облыстық сот судьясы,
облыс бойынша
Судьялар одағының төрағасы.

Субсидияланатын өсімдіктерді қорғау құралдары түрлерінің тізбесі және 1 литрге (килограмма, грамм, данаға) арналған субсидиялар нормаларын бекіту туралы

«Құжаттық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуіріндегі Заңының 27-бабына және «Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дәкелдерін өндетеу арналған гербицидтерін, биофестивалдар (энтомоцидтар) және биоинсектицидтер қолдану субсидиялар қалыптастыру туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2016 жылғы 5 мамырдағы №204 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тәртібіне) және 13717 нөмірмен тіркелген сөйсе Қазақстан Республикасының заңнамасындағы Қаулы ЕТІДІ:

1. Қоса берілген субсидияланатын өсімдіктерді қорғау құралдары түрлерінің тізбесі және 1 литрге (килограмма, грамм, данаға) арналған субсидиялар нормалары бекітіледі.

2. «Субсидияланатын өсімдіктерді қорғау құралдары түрлерінің тізбесі және 1 бірлікке (литрге, килограмма, грамм, данаға) арналған субсидиялар нормалары бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімінің 2018 жылғы 17 тамыздағы № 1204 қаулымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тәртібіне) және 6407 нөмірмен тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерін ұстанатын бақылау бөлімде 2018 жылғы 27 тамыздағы жарияланған күні қолжалы деп танылды.

3. «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулымен ұсынылған шараларды қабылдайды.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысының ғарышарна орталығы К. Е. Кошарбаев жүзегі асырады.

5. Осы қаулы алғашқы рет ресми жарияланған күнінен кейін күрделілігінен бөлініп қалмауына кепілдік беріледі.

Қызылорда облысының әкімі К. Кошарбаев

2019 жылғы «...» ... айының ... күні

Субсидияланатын өсімдіктерді қорғау құралдары түрлерінің тізбесі және 1 литрге (килограмма, грамм, данаға) арналған субсидиялар нормалары

Table with 5 columns: № р/с, Субсидияланатын гербицидтердің түрі, Гербицидтің белсенді заттардың құрамы, Өлшем бірлігі (килограмма, грамм, данаға) арналған субсидиялар нормасы, тегне (50%) бекітіледі, Гербицидтердің 1 литрге (килограмма, грамм, данаға) арналған субсидиялар нормасы, тегне (50%) бекітіледі.

Table with 5 columns: №, Қызылорда облысының әкімі, Қызылорда облысы әкімінің 2019 жылғы «...» ... айының ... күні, Субсидияланатын өсімдіктерді қорғау құралдары түрлерінің тізбесі және 1 литрге (килограмма, грамм, данаға) арналған субсидиялар нормалары.

Table with 5 columns: №, Қызылорда облысының әкімі, Қызылорда облысы әкімінің 2019 жылғы «...» ... айының ... күні, Субсидияланатын өсімдіктерді қорғау құралдары түрлерінің тізбесі және 1 литрге (килограмма, грамм, данаға) арналған субсидиялар нормалары.

«Сыр бойы», «Қызылорда қаласында СКАДА жұбейін енгізу, шығым пен қымсады өлшеу құралдарын жосала алғанда» жоспарын қарастыру бойынша ашық жұмыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілімнің жарияланды. Қоғамдық тыңдаулар туралы апаратына қол жеткізуді қамтамасыз етуге жауапты ЖАО – «Қызылорда облысы әкімініңнің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел.: 8(7242) 23-54-87, e-mail: info@prd.orда.gov.kz.

Хабарландыру. «Қызылорда су жүйесі» МКК «Қоршаған ортаға әсерін бағалау» II кезеңі бойынша «Қызылорда қаласында СКАДА жұбейін енгізу, шығым пен қымсады өлшеу құралдарын жосала алғанда» жоспарын қарастыру бойынша ашық жұмыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілімнің жарияланды. Қоғамдық тыңдаулар туралы апаратына қол жеткізуді қамтамасыз етуге жауапты ЖАО – «Қызылорда облысы әкімініңнің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел.: 8(7242) 23-54-87, e-mail: info@prd.orда.gov.kz.

Тасымалдаушылар мен жүк жөнелтушілердің назарына! Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің 2012 жылғы 3 маусымдағы №315 бұйрығына сәйкес, республикалық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарында жыл сайын ағымдағы жылдың 1 маусымынан 31 тамызға аралығында рұқсат етілген салмақтық параметрлер бойынша автокөлік құралдарының қозғалысына уақытша шектеулер енгізіледі. Енгізілетін шектеулер күндізгі және кешкі уақытта сағат 10:00-ден 22:00-ге дейін ауа температурасы +25С градустан жоғары ауа температурасы кезінде қолданылады.

